



АЛАТАУ

Ардагері



alm Obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№34 (96) 22 тамыз 2025 жыл

Апта жаңалықтары

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ

Қонаев қаласының ардагерлерінің ұйымдастыруымен шахмат және дойбыдан жарыс өтті. Іс-шара Алматы облысының ардагерлер филиалының орынбасары Сүгіров Ілияс Сейітбекұлының алғы сөзімен басталды.

Құттықтау сөзді Қонаев қаласының ардагерлер төрағасы Оралбаев Базарбай Бүркітбайұлы жалғастырды. Қатысушыларға жеңіс, сәттілік тіледі. Ішкі саясат бөлімінің бас маманы Сыдықов Марат Мұратұлы да ардагерлерге жеңіс тілеп, шахмат ақыл-ойды, шыдамдылықты талап ететін, есеп пен стратегияның сайысы деп, сөзін аяқтады. Шахмат жарысы бойынша жүлделі 1-орынды Оразалин Тағыберген, 2-орынды Ким Евгений, 3-орынды Тойшыбаев Ізтілеу иеленді.

Дойбы жарысының қорытындысы бойынша жүлделі 1-орын Қабылов Есболғанға, 2-орын Ғаббасов Арнұрға, 3-орын Жақсатаев Еркінге бұйырды.

Жиын соңы жүлдегерлерді марапаттаумен аяқталды.

АЛАТАУ ҚАЛАСЫ

Алатау қаласы Жаңадәуір ықшам ауданының 12-ші мектебінде ардагерлердің қатысуымен шахмат пен дойба жарысы бойынша іс шаралар өткізілді.

Шараның алдында қала әкімінің атынан Алатау қалалық әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бастығы Ардагер Өркенұлы келген ардагерлерді құттықтады. Сонымен бірге қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Махмұтұлы құттықтай отырып, сәттілік тіледі. Алатау қаласы шахмат федерациясының басшысы Сеитов Карлығаш келгендерді құттықтай отырып, ойынның ережесімен таныстырды.

Шахмат турнирінде 1-ші орынға Қоянқұстың ардагері Калибеков Нұржаусын, 2-ші орынға Жаңадәуірдің ардагері Шеримов Қалдыбай, 3-ші орынға Қоянқұстың ардагері Садуақасов Әнуарбек ие болды.

Дойбы ойынынан 1-ші орынды Арнауылындағы бастауыш ардагерлер кеңесінің төрағасы Мәукімов Сәулебай иеленсе, 3-ші орынды Жаңадәуір ықшам ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Бекмұратов Асылхан жеңіп алды.

Жарысқа қатысқан ардагерлер мен орын алған иегерлерді Алатау қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Ардагер Өркенұлы мен Асқар Махмұтұлы құттықтап, оларға қала әкімінің Алғыс хатты мен кішігірім сыйлықтарын табыстады.

ЖАСТАРҒА СЕНІМ МОЛ

12 тамыз Халықаралық жастар күніне орай Кеген ауданы әкімшілігінің кіші мәжіліс залында Кеген жастары ресурстық орталығы мен Алатау жастарының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел болып өтті.



Оған аудан әкімінің орынбасары Кеңес Күнесбайұлы, аудандық ардагерлер төрағасы С.Досымбеков қатынасты. Аудан жастары өткен айлардағы жұмыстарына талдау жасап, халықаралық жастар күнін лайықты табыстармен қарсы алып жатқанын атап көрсетті. Аудан әкімінің орынбасары К.Қабылбеков аудан жастарының істеген жұмыстарына ризашылығын білдіре отырып, алдағы істелінетін жұмыстарға талдау жасады. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Досымбеков жастар ресурстық орталығы мен Алатау жастары ұйымы және аудандық ардагерлер ұйымының арасындағы сабақтастық туралы айта келіп, аудан жастарының алдағы міндеттеріне тоқталды. Бұл кездесуде жастарға үлкен сенім артылды. Белсенді жастарға аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары табыс етілді.

ӨНЕРДЕГІ ӨНЕГЕ ТӘЛІМІ

Нұрғиса Тілендиев – композитор, дирижер, орындаушы ретінде аргына өшпес із қалдырған өнер иесі. Оған көзі тірісінде «Халық қаһарманы» атағы берілді, КСРО халық әртісі, Алматы консерваториясының құрметті профессоры, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері болды.

Нұрғиса Тілендиев шығармашылығының құндылығы туралы музыка зерттеушілері ұдайы жазып келеді, бұл тұрғыда толымды еңбектер аз емес. Оның қазақ мәдениетінің фольклорлық дәстүрі мен ауызекі дамыған кәсіби өнерді жалғастыра отырып, дәстүрлі көркемдік салт-сананың рухани және эстетикалық бағасын музыкалық тұрғыда бекіткені жиі айтылады.

Қорқыт баба, әл-Фараби, ұлы жыршы Кетбұға, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Әбу әл-Қадыр, Нысан абыздардан басталатын күйші-сазгерлеріміздің ұлы көші XVIII-XIX және XX ғасырда Байжігіт, Бұхар жырау, Раздық, Байжұма, Ыкылас, Құрманғазы, Абыл, Ақан сері, Жаяу Мұса, Біржан сал, Жамбыл, Дина, Мәди, Сүгір, Мұқан Төлебаев, Сыдық Мұхамеджанов, Латиф Хамидилермен жалғасып, өз заманының заңғар сазгері, дәулескер домбырашысы, дарабоз дирижері атанған Нұрғиса Тілендиевпен ұласады.

Нұрғиса Тілендиевтің вокалдық шығармаларын, кәсіби орындаушылар қатарында Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Байғали Досымжанов, Нұрғали Нүсіпжанов, Құрманбек Байкуатұлы есімдері аталады. Олар-композитордың әнін халық жүрегіне жеткізе білген, өз өнерлерінің хас шеберлері.

Бибігүл Төлегенова Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы туралы былай дейді: «Біздің композиторлардың ішіндегі мықтысы Нүрекен десем, мен жаңылмайтын шығармын, себебі ол бір жағынан, композитор, екінші жағынан, үлкен дирижер болды. Соңына өшпес мұра қалдырып кетті. Нұрғиса Тілендиевтің әндерін кез келген әнші орындай ала бермейді. Оның шығармаларын орындау үшін әншінің дауысы болу керек, диапазоны



кең октавалы, орындау техникасы мықты болуға тиіс және жүрекпен айту керек».

Н.Тілендиевтің Абайдың сөзіне жазған философиялық сипаттағы романстарының бірі – «Абай арманы» шығармасы. Абайдың 1885 жылы жазған өлеңінің басты идеясы – жастарды білім, ғылымға үндеу. Романсты ҚР мәдениет қайраткері Құрманбек Байкуатұлы шеберлікпен орындады. Ақынның рухани жағдайын шыншылдықпен өз романсында Нұрғиса Тілендиев көрсете білді.

Романста екі бөлім бойы тондық тұрақтылық байқалады, модуляция жоқ. Жарқын бейнені жасауда, солистің партиясында лирикалық мотивтер жарқын бейнеленген. Романстың мелодиясы серпінді дамиды, мәтініне сүйене отырып, адамның көңіл күйін ашық, жарқын бейнелеген. Орындаушы әнді терең тыныспен, байсалды орындауы қажет. Бұл шығарма орындауда солистен дауыс күші мен сезімталдығын талап етеді. Шығарманың дауыс аралығы (диапазоны) октавадан артады.

Нұрғиса Тілендиев бұл образды терең гармониялық бұрылымдармен сезіндіре білді. Фортепианоның сүйемелдеуі әдетте бір жоспарлы. Композитор мазмұнына байланысты шығарманы ақыл-ой тереңдігімен, қаһармандық күш-жігерімен ерекшеленетін

тесситурасы жағынан баритонға арнап жазған. Фортепиано бөлігі әдетте сүйемелдеу ретінде қызмет етеді, тек вокалдық әуенді қолдайды және баса көрсетеді. Саптаманың формулалары қарапайым, гармоникалық фигураларда, қайталануда салынған.

Нұрғиса Тілендиевтің Абайдың өлеңдеріне жазылған әндері эмоциялық лирикалық мазмұнына, сөздің шынайылығына лайықталған. Композитор үлкен табандылықпен поэзиялық дизайнның мәніне сай келетін, өте сезімтал әуенді суретке түсіреді. Әдетте бұл композицияның негізгі идеясын білдіретін ырғақ немесе үйлесім емес, әуен. Мұның бәрі Нұрғиса Тілендиевтің Абай өлеңдеріне жазылған романстарының өміршеңдігінің кепілі болды.

Еуропалық классикалық музыкалық білім алып, Еуропаның композиторлық шығармашылығындағы әртүрлі жанрларында мұра қалдыра отырып (опера, балет, кантата, романс), халық дәстүрінде тәрбиеленген ол ұлттық музыкалық жанрлар – күй мен әннің жаңа даму жолын іздестірді. Оның шығармашылық әдісінің ерекшелігі – зерттеушілер айқындағандай, қазақ музыкасын еуропалық жанрларға бейімдеу емес, қазақ музыкасына еуропалық стильді енгізгендігінде.

Нұрғиса Тілендиевтің музыкасы – әртүрлі көркемдік дәстүрлерінің жиынтығы, бұл әсіресе оның шығармашылығының негізгі саласы – вокалдық мұрасында жарқын байқалады. Біз болашақ мамандарға дәріс беруде композитордың тағылымдарын үнемі тиянақтап үйретіп отырамыз, бұл – олар үшін үлкен мектеп.

Ғайһап САЛАМАС,
А.Жұбанов атындағы музыкалық колледждің оқытушысы.

Ой додасы -2025

БІРІНШІЛІК ӨТТІ

Жақында Іле ауданының орталық кітапханасында “Ой додасы -2025” атты шахмат және дойбы ойындары бойынша аудан ардагерлерінің жеке-кей біріншілігі өтті.



Максаты-ардагерлер арасында жоғарыда аталған спорт түрлерін насихаттап дамыту. Сондай-ақ облыстық жарыста аудан намысын қорғайтын үздік ойыншыларды анықтау.

Жарыстың салтанатты ашылуында сөз сөйлеген Іле ауданы әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Мұрат Жандосұлы және Алматы облысының құрметті азаматы, Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев қатысушыларды құттықтап, сәттіліктерін жолдады.

Жарыс Швейцария жүйесі бойынша өтті. Аса тартысты өткен жарыс қорытындысында шахмат сайысында Сүттібай Рыскелдиев бірінші орынды иеленсе, Оралбек Надыров екінші, Нұрмағанбет Есжанов үшінші орынды місе тұтты.



Ұлы ғалымға 125 жыл!

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ

Әр халықта мемлекеттің дамуына орасан зор үлес қосқан тарихи тұлғалары бар. Олардың ішінде қоғамға танылу иерархиясында айрықша орын алған көшбасшылар ерекше дараланып тұрады. Ғалым, академик, патриот, отандық ғылымның негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – осындай бірегей тұлға.

Әрқашан бірінші болу академик Қ.Сәтбаевтың табиғатына тән құбылыс іспеттес. Қаныш Имантайұлы қазақтар арасынан шыққан тұңғыш кәсіби инженер-геолог, тұңғыш ғылым докторы, КСРО Ғылым академиясының тұңғыш академигі, Қазақ КСР Ғылым академиясының негізін қалаушы, оның тұңғыш президенті, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың тұңғыш лауреаты.

Жыл сайын 12 сәуір Қаныш Имантайұлының туған күніне орай елімізде Ғылым күні атап өтіледі. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жетістікке Қ.Сәтбаев атындағы сыйлық тағайындалған.

Қ.Сәтбаевтың даңқты есімі қала, университет, тау-кен металлургия комбинаты, мемориалдық музей, институттар, мектептер мен көшелердің атауларында мәңгі сақталған. Оның құрметіне еліміздің көптеген қаласында ескерткіштер орнатылды.

Академиктің ғылыми мұрасы 800-ге жуық мақаланы қамтиды. Оның редакциясымен Қазақ КСР Ғылым академиясының 30-дан аса ғылыми еңбек жинағы жарық көрді.

Ғалым ретінде Қаныш Имантайұлы еліміздегі ірі пайдалы қазбалар кен орындарын ашып қана қоймай, оларды өндіру және қайта өңдеуге өндірістік база құруға баға жетпес үлес қосты. Бұл елімізді кеңес одағындағы ірі өнеркәсіптік өңірлердің біріне айналдыруға себепші болды. Оның жетекшілігімен алғаш рет Қазақстанның пайдалы қазбаларының әлемдік геологиялық тәжірибеде теңдесі жоқ картасы жасалды.

Ұлы тұлғаның Жезқазған кен орнында темір-марганец кендерін барлау мен игерудегі еңбегі орасан, бұл кен орнының өнімі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кеңес одағының болат өнеркәсібін дамытуда шешуші рөл атқарды.

Ғалымның көрегенділігі оның Атырау және Маңғыстау пайдалы қазбалар кен орындарының байлығы туралы батыл ғылыми болжамында да байқалды. Кейінірек оларды игеру академиктің ғылыми болжамының қаншалықты дәл болғандығын айқындай түсті.

Қаныш Имантайұлы 1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын басқарған кезде оның көрнекті ғалым әрі ғылымның білгір ұйымдастырушы ретіндегі таланты толық ашылды. Сұрапыл соғыс жылдарымен қатар келген таңқаларлық қысқа мерзім ішінде ол кеңестік ғылымдағы іс жүзінде елеусіз болған қарапайым ұйымды бүкіл республиканың нағыз «ғылыми штабына» айналдыра отырып, жаңа типті мекеме етіп қалыптастырды.

Сол кездің өзінде-ақ Қ.Сәтбаев асқан көрегенділікпен академияны ғылымның барлық саласын біріктіретін күш ретінде жариялады. Ол: «Академияның күші – бұл барлық ғылымдар қиысатын фокусты құрауында, тұтастай алғанда ғылымның барлық салаларын бейнелеуінде. Өндіріспен органикалық түрде байланысқан, өндіріске көмектесетін және оны жоғары технологиялық деңгейлерге бағыттайтын, сонымен бірге өзі де сол өндірістен күш-қуат алып, бағытын анықтайтын ғылым ғана шын мәнінде озық ғылым» деп жазды.

Осы бағытты ұстанған Қаныш Имантайұлы ғылыми-зерттеу институттарын құрып, республиканың ірі кәсіпорындарында олардың филиалдары мен бөлімшелерін ұйымдастырудың бастамашысы болды, өңірлерде көшпелі ғылыми сессиялар өткізді. Ол ғылымның барлық бағыттары мен практиканың дәл осылай ұштасуы ғана қуатты экономикалық серпіліс тудыратын жағдай екенін терең сезіне білді. Сондай-ақ қолданбалы міндеттерді шешудің қайталанбас негізгі іргелі ғылыми зерттеулердің озық дамуына ерекше назар аударды. Оның тұсында ғылымның барлық дерлік бағыттары бойынша бейінді ғылыми ұйымдар көптеп ашылды. Қ.Сәтбаевтың академия басшысы, ғалым ретіндегі сіңірген ерен еңбегі мойындалып, ол КСРО Ғылым академиясы президентінің мүшелігіне сайланды.

Академиктің қызығушылығы жан-жақты еді. Ол Қазақ КСР экономикасын дамыту бойынша көптеген стратегиялық маңызды бағыттардың бастамашысы болды. Бұған бірмысал ретінде оның Орталық Қазақстанды суландыру жөніндегі бағдарлама-

сын келтірейік. Қаныш Имантайұлы Ертіс-Қарағанды каналының жобасын негіздеп, оны жүзеге асыруға белсенді үлес қосты. Бойындағы табандылық пен қағидатшылықтың арқасында оның құрылысына қол жеткізді. Бұл каналдың бүгінде оның атымен аталатыны – үлкен мақтаныш.

Ғалым ретіндегі Қ.Сәтбаев феноменінің негізі ғылымның түрлі бағыттары бойынша терең білімінде ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне деген үлкен қызығушылығында жатыр. Ол ұлттымыздың ауыз әдебиетін, халық шығармашылығын мұқият зерттеді, көнекөз қариялармен бар ынта-жігерімен әңгімелесіп, ел аузынан әртүрлі топонимдердің шығу тегін түсіндіретін ертегілерді, әпсаналарды, аңыз әңгімелерді жазып алды.

Ғалым Ұлытау жотасындағы Алтыншоқы баурайынан табылған тастағы араб жазуларын тұңғыш зерттеп, бұның Әмір Темірдің бұйрығымен жазылғанын және оның қазақ даласына, Алтын Орда ханы Токтамысқа қарсы жасаған жорығы туралы ақпаратты қамтитынын дәлелдеді, бұл әлемдік ғылым үшін теңдесіз үлкен жаңалыққа айналды. «Ер Едіге» халық эпосының әртүрлі нұсқаларын мұқият қарастырып, оның мәтінінің жаңа редакциясын дайындады. Бұл Қазақстанның ортағасырлық тарихын зерттеуге қосылған елеулі үлес болды. Ол сонымен бірге М.Әуезовтің «Абай жолы» романының маңызын бірінші болып бағалады, белгілі этнограф Александр Затаевичке 25 халық әнін тапсырды, театр, өнер, мәдениет және жастарды тәрбиелеу туралы көптеген еңбектер жазып қалдырды.

Бүгінгі таңда осындай ұлы тұлғаның есімін есте сақтау ғана емес, сонымен қатар академик Қ.Сәтбаевтың болашақ ұрпаққа қалдырған мұрасын игеру, ғылымды, экономиканы дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ол белгілеген қағидаттарды ұстану аса маңызды.

Кеңестік ғылымның, оның ішінде, Қазақстан ғылымының қалыптасу, даму тарихын талдағанда «сол кезеңнің ғылымы қалайша салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде ауқым-



ды жетістіктерге қол жеткізіп, жас мемлекеттің экономикалық өсуінің қозғаушы күшіне айналды?» деген сұрақ еріксіз түрде ойға оралады.

Бұл сұрақтың жауабы – ғылымның озық дамуына басты мән берген сол кездегі дұрыс мемлекеттік саясат. Ғылымға ресурстар бөлу жалпы мемлекеттік басымдық болды және бұл ешқашан күмән туғызбады. 70-жылдардың ортасында ғылымды қаржыландыру көлемі елдің жалпыұлттық өнімінің шамамен 3%-ын құрады, бұл қазіргіден 20 есе көп. Барлық деңгейде таланттарды іздеу, оларды қолдау бойынша жұмыс жүргізілді, соның арқасында ғылым дамуының ерекше қарқыны бүкіл қоғамды қамтыды.

Осының нәтижесінде барлық жерлерде бейінді ғылыми-зерттеу институттары ашылып, ал олардың материалдық-техникалық жабдықталуы мемлекеттің ерекше бақылауында болды. Іргелі зерттеулердің басымдықтары ел алдында тұрған стратегиялық міндеттерге, ал қолданбалы зерттеулер – экономика мен қоғамның ағымдағы және болашақта қажеттіліктеріне негізделді. Ғылымға Қаныш Сәтбаевтың замандастары – жазушы және әдебиеттанушы Мұхтар Әуезов, композитор Ахмет Жұбанов, химик Әбікен Бектұров, қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш академик, физиолог Найла Базанова, археолог және этнограф Әлкей Марғұлан, энергетик Шапық Шөкин, тағы басқа көптеген ойшыл, шығармашыл тұлғалар тартылды, кейін олар көрнекті ға-

лымдарға айналды.

Өкінішке қарай, бұл тамаша тарихи тәжірибе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ескерілмеді. Өтпелі кезеңнің күрделілігіне төтеп бере алмай, экономикада жеңіл және жылдам жеңістерге жету бағыты белең алды да, ғылымда айтарлықтай нәтижелерге тек тынымсыз, ұзақ қажырлы еңбектің арқасында қол жететіндігі туралы қарапайым ақиқат ұмытылды.

Тіпті жекелеген реформаторлар отандық ғылымды дамытуға қаражат жұмсамай, шетелдік технологиялардың импортына басымдық беруді, ғылымды қажет ететін өндірістерді қолдаудан бас тартуды ұсынды. Мұндай саясат бізді басқа елдерге тәуелді «шикізат қосымшасына» айналдыратыны айдан анық еді. Осындай үрдістер кесірінен Ұлттық Ғылым академиясының рөлі төмендеп, бейінді ғылыми ұйымдарды оңтайландыру шаралары зердесіз жүргізілді.

Ғылымның басты негізі – іргелі зерттеулер қатты әлсіреді. Зерттеу қызметінің ерекшеліктері ескерілмей, ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырысты орналастыру, ғылыми ұйымдардың инфрақұрылымын жаңарту рәсімі мемлекеттік сатып алу туралы заңның нормативтерімен реттелді. Бұл іргелі және стратегиялық ғылыми зерттеулер базасының күйреуіне, ғылыми ұйымдарды материалдық-техникалық жаратқандыру жүйесінде бюрократиялық әуре-сарсаңның өрістеуіне әкеп соқты, соның салдарынан ғалымдар моральдық ескірген және физикалық тозған зертханалық және ғылыми жабдықтармен қалды.

Әсіресе ғылымды қаржыландыру көлемінің елдің ІЖӨ-нің 0,13%-ына дейін күрт қысқаруы қиынға соқты. Экономикалық дамыған елдермен салыстыратын болсақ, ішкі жалпы өнімдегі ғылымға бөлінетін шығындар Израильде – 4,9%, Кореяда – 4,6%, Тайваньда – 3,5%, Швецияда – 3,4%, Жапонияда – 3,2%, АҚШ-та – 3,1%, Қытайда 2,2%-ды құрайды.

Ғалымдардың орташа айлық жалақысы қатардағы мемлекеттік қызметшіге қарағанда 1,5 есе төмен болды. Салыстыру үшін айтайын, «Сәтбаев» кезеңінде бірінші санаптағы институт директорының жалақысы экономика бойынша орташа жалақыдан 12 есе, ал аға ғылыми қызметкердің, яғни еңбек өтілі бар

ғылым кандидатының жалақысы жеті есе артық болған.

Қазіргі уақытта отандық ғылым алдына экономикалық өсуді жеделдету, қоғам алдында туындайтын сын-қатерлерге дұрыс төтеп беру қажеттілігінен туындайтын үлкен міндеттер қойылып отыр. Шын мәнінде, бізге – тәуелсіздіктің отыз жылында кенжелеп қалғанды қуып жетіп, отандық ғылымды заманауи талаптар рухында жандандырудың тарихи миссиясы жүктеліп отыр. Сондықтан академик Қ.Сәтбаев қалдырған баға жетпес мұраны дамыған елдер ғылымының озық үлгілерімен ұштастырып, олардың артықшылықтары мен жетістіктерін шынайылыққа бейімдеу арқылы пайдалануымыз аса маңызды болмақ.

Ең алдымен, ғылымның қоғамдағы рөлі туралы қалыптасқан көзқарасты түбегейлі өзгерту керек. Ғылым ауыртпалық (ресурстарды сіңіріп алып, оның орнына ештеңе бермейтін «қара құрдым») ретінде қабылданбауы керек, ол экономика мен қоғам үшін нақты, пайдалы ресурс болуға тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған үнемі баса назар аударып келеді. Оның тікелей бастамасымен елде отандық ғылымды бұрын-соңды болмаған қаржылық қолдау басталды. Бірақ бұл көмектен нақты нәтиже шығару үшін ғылым барлық салаларда, даму мен шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде мемлекеттік басымдықтардың қатарына қайта әрі түбегейлі енуі керек.

Біріншіден, ғылымды қаржылан-



дыру елдің ІЖӨ-нің кем дегенде 1%-ына дейін өсуі керек. Қазіргі әлемде бұл – тым болмағанда технологиялық дамудың орташа деңгейіндегі елдердің легіне ілесуге мүмкіндік беретін, озық әлемдік инновацияларды түйсініп, оны өзімізге бейімдейтін қабилетімізді сақтау шегі.

Екіншіден, бүкіл ғылыми орта түбегейлі өзгеруге тиіс. Қаржыны бөлу мемлекеттік басымдықтармен, бизнес пен қоғамның өзекті мәселелерімен тығыз байланысты болуы керек. Ғылыми әлеуетті дамытуға қатысты шешімдер технологиялық көшбасшы елдердегідей салауатты прагматизм мен әділ бәсекелестік негізінде кәсіби түрде қабылдануы қажет.

Ғылыми ұжымдардың басшылығына тек қана меритократия қағидаттары негізінде іріктелген, өздерінің кәсіби қабилеттері, құзыреттері мен іскерлік қасиеттерімен жұртшылық арасында кең танылғандардың, яғни ҒЗИ мен ЖОО басшыларына қойылатын заманауи көрсеткіштерге барынша кәсіби тұрғыдан сай тұлғалардың келуі өте маңызды.

Үшіншіден, экономиканың өрлеуіне ғылыми зерттеулердің практикалық ықпалын көрсететін шынайы және прагматикалық нәтижелері бар ғылымды дамытудың нақты, ғылыми негізделген стратегиясы қажет. Ғылыми зерттеулердің басым бағыттары қазіргідей ғалымдардың мүмкіндіктеріне емес, академик Қ.Сәтбаев көрегендікпен ұсынып, іс жүзінде жүзеге асырғандай, мемлекеттің қажеттіліктеріне негізделуге тиіс. Жоғары білім мен ғылымды дамытудың қазіргі тұжырымдамасы бұл міндетті толық орындай алмайды.

Төртіншіден, отандық ғылымды реформалауда ғалымдардың өздері, әсіресе үздік жетістіктерімен заманауи отандық зерттеушінің «моделі» ретінде танылған тұлғалар ерекше рөл атқаруға тиіс. Бақытымызға орай, елімізде бұндай ғалымдар жеткілікті, сондықтан олардың әлеуетін біріктіру үшін Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесін көтеру туралы шешім қабылданды.

Академия – ғылым саласындағы тағы бір мемлекеттік орган емес және ғалымдарды басқаратын кезекті әкімшілік жүйе емес. Академия – бұл ғалымдардың тамаша тоғысы, Қазақстанның барлық ғылыми ресурсын жұмылдырушы, ел экономикасын және жалпы қоғамды барынша тиімді дамытуға бағытталған ашық алаң.

Академик Қ.Сәтбаев қалыптастырған Ғылым академиясының құндылықтары, оның ішіндегі әртүрлі ғылыми бағыттағы жетекші ғалымдардың шоғырлануы, экономиканың өзекті мәселелерін шешуге бағдарлану, әлемдік ғылыми жүйеге ықпалдасу – қазіргі таңда Президент жанындағы Ұлттық ғылым академи-ясы жаңа миссиясын қалыптастырып отыр.

Бесіншіден, «пәнаралық» (междисциплинарлық) ұғымын бәрі бірдей түсіне бермейтін, сәнді сөз етіп қолданудан алшақтайтын кез жетті, ол енді стратегиялық ғылыми зерттеулердің нақты тетігіне айналуға тиіс. Мұнда да біз білімінің жан-жақтылығы арқасында ірі ғылыми-практикалық мәселелерді, әртүрлі ғылыми бағыттарды біріктіре отырып тиімді шешкен академик Сәтбаевтың тәжірибесіне сүйенетін боламыз.

Бұл ретте, ресми институционалдық шекаралары жоқ Академияның рөлі – басты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін ғылыми мегажобалардың бастамашысы болу. Шешілуге тиіс мәселенің іргелі білімнен бастап оларды практикалық қолдануға дейінгі барлық аспектілерін қамтитын осындай мегажобалар ғылым, мемлекет және бизнес ресурстарын біріктіретін болады, танымал ғалымдарға талантты жастармен қатар жұмыс істеуге мүмкіндік

береді.

Академия бұл жұмысты бастап та кетті: стратегиялық маңызды, интеграцияланған ғылыми-техникалық бес бағдарлама әзірлеп жатыр. Мысалы, академияның вице-президенті, белгілі биотехнолог-ғалым Дос Сарбасовтың басшылығымен қазір елімізде ауыл шаруашылығындағы заманауи биотехнологияны дамыту бойынша жоба дайындалып, ол ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруда елеулі серпіліс жасауға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды мәселе – өңірлік ғылымның дамуы. Кезінде академик Қ.Сәтбаев тек зерттеу қызметінің ғана емес, сонымен бірге оның нәтижелерін өндіріске енгізудің жоғары өнімділігі мен тиімділігіне апаратын ең қысқа жол деп санап, ғылымды өңірлерде дамытуға ұмтылғаны кездейсоқтық емес. Дәл осы тәсілдің арқасында сол кезде Қазақ КСР экономикасында қарышты қадамдар жасалғаны белгілі.

Технологиялық дамыған елдердің табысының құпиясы неде? Мысалы, АҚШ-та әр штатта дерлік ірі ғылыми-зерттеу университеті бар, ол осы өңірдің экономикасын дамытудың «ми хабы», инновациялық орталығы болып табылады. Бұл жұмысты тікелей штат губернаторы үйлестіреді.

Ал бізде жағдай мүлдем басқаша. Ғалымдар өңірдегі мәселелерді білмейді, ал өңірлер ғалымдардың мүмкіндіктерінен хабарсыз. Көптеген әкімдіктерде ғылыми ұйымдармен өзара ынтымақтасуға жауапты мамандар жоқ.

Жуырда Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтай отырысында академия «Өңірдегі ғылым өңір үшін» атты жаңа бастама ұсынды.

Бірінші кезеңде жергілікті атқарушы органдардың басшылығымен құрамына облыс әкімінің орынбасары, өңірлік ғылыми ұйымдардың ғалымдары және бизнес-құрылымдардың өкілдері енетін ғылым және инновациялар жөніндегі Өңірлік кеңестер құру ұсынылады. Олар өндірісті ғылыми қамтамасыз етудің өңірлік проблемаларын зерделеп, шаруашылық жүргізуші субъектілердің инновациялық әлеуетін бағалай отырып, ғылыми білімді тарату орталықтарының жергілікті жерлерде жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет. Сонымен бірге ғылыми зерттеулердің басымдықтарын айқындап, жергілікті жерлердің ерекшеліктерін ескере отырып, бар мәселелерді шешу жолдарын әзірлеуге бас ғылыми ұйымдарға, Ұлттық Ғылым академиясына ақпараттық материалдар беріп отыруға тиіс.

Осы жол арқылы ғана жекелеген мәселелерді шешуге жалпы көзқараспен қараудан алшақтап, республиканың қолда бар ғылыми күшін әр өңірдің нақты міндеттерін нысаналы шешуге шоғырландыра аламыз. Өңірде ғылымды дамыту бойынша жұмыстың көрсеткіштерін облыс әкімдерінің қызметін бағалау рейтингіне қосу қажет болады.

Ал академия өз кезегінде өңірлік университеттер мен ҒЗИ-ға жан-жақты қолдау көрсетеді, қажет болған жағдайда академияның толық мүшелері мен шетелдік серіктестерді тарта отырып, өңірдегі ғылыми зерттеулерді дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Шұғыл шешуді қажет ететін тағы бір мәселе туралы. Қазір ғылымда ғылыми дәрежесі бар қызметкердің орташа жасы 57-де, қызметкерлердің 15%-ы зейнеткерлік жасқа жетті. Сондықтан дарынды жастарды тарту есебінен ғылыми кадрларды жасарту проблемасын Ұлттық академия өз басымдықтарының қатарына қойып отыр.

Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет, жақында Ұлттық Ғылым академиясының жанынан Жас ғалымдар кеңесі құрылды. Қазір тиісті заңнамалық актілерге жас ғалымдардың мәртебесі, оларды мемлекеттік қолдау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар дайындалды. Қазақстанның жас ғалымдарына сыйлықтар тағайындауда, «Атамекен» ҰКП демеушілігімен жас ғалымдарды материалдық қолдаудың арнайы қорын құру жоспарланып отыр.

Отандық ғылымды дамытуда реформалардың табысты болуының кепілі – оның іргетасын қалап, қалыптасуына бірден-бір ықпал еткен тұлғалардың жетістіктеріне сүйену. Осы істе Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі мен мұрасы әрқашан темірқазық болатыны сөзсіз.

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Президент жанындағы
Ұлттық Ғылым
академиясының президенті.
«Egemen Qazaqstan»

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ АРДАГЕРІ

Ұйғыр ауданында ел-жұрт арасында еңбегімен еленіп, ғұмырын ғибратты өткізген жандар баршылық. Олардың көбі-өмірдің ауыртпалығына ерте иық тосқан, ерте есейген буынның өкілі. Сонау екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған, елдегі ең ауыр 1945 жылы дүниеге келген Махинур Джалилова бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Жалпы, әйел адамы үшін де бұл жас оңай емес.

Бүгінде өзінің ақыл парасатының арқасында әдемі қартайған Махинур әдә өзінің саналы ғұмырының 40 жылын алғаш еңбек жолын Ұйғыр ауданындағы (кезінде Ленин атындағы колхозда) есепші болып бастап, сонан соң аудандық стастика бөлімінде инспектор, экономист, аға инспекторлық жұмыстар істесе, соңғы 30 жылын Ұйғыр аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде инспектор, бас бухгалтер, бөлім бастығына дейінгі са- тылардан абыроймен қызмет атқарған. Еңбек ардагері Махинур Джалилованың орны қашан да ерекше. Махинур әдә - жастайынан-ақ жасындай жанып, жұлдыздай жарқыраған жан.

Алғаш 1962-1964 жылдары Талдықрған қаласындағы кооператив училищесін бітірсе, кейіннен 1965-1967 жылдары Талғар қаласындағы ауыл-шаруашылығы техникумының «бухгалтер» мамандығын бітірген екен. Оқуынан тәжірибесі басым көпті көрген іскер жан, өзінің адами жоғары қасиетінің арқасында әр жерге,әр мекемеге бірден сіңіп, көпшілік құрметіне ие болды. Марапаттардан да құр алақан қалмады. 1967 жылдан бастап облыстық кәсіподақ комитетінің, облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі басшысының, 2003, 2012, 2016 жылдары Ұйғыр ауданы әкімдерінің «Алғыс хатымен» марапатталса, 2016 жылы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Бүгінгі таңда бейнетінің зейнетін көріп отырған, бақытты кеіуана. Отбасында 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді.

Тарихи тұлға

ОЙШЫ БАЙ

Жақында аудандық «Балқаш өңірі» басылымында Болат Шағатаев ініміздің «Өз дәуірінің демеуші тұлғасы» атты Ойшы Майасарұлы туралы жазған мақаласын бүге-шігесіне дейін оқып, танысып шықтым. Өте дұрыс және орынды жазылған тарихи мақала деп баға беремін. Осы мақаламен танысқаннан соң менің де ойыма Ойшы бабамыздың ел аузында жатталып қалған оқиғалары түсті.

Бақ дарыған Балқаш өңірі кімдерге жұмақ төрі болмады десеңізші?! «Үш Қамау» атанған өлкенің топырағында бұқараға билік жүргізген патшалар мен хандардың, хас дұшпандарын жер жастандырған жажүрек батырлар мен бағландардың, алқалы топта бітімін айтқан билер мен қазылардың, төрт түлігі мыңғырған байлар мен манаптардың, ауызы дуалы ғұламалар мен емшілердің, темірден түйін түйген ұста-зергерлердің, таңдайынан ән-жыр төгілген энші-сазгерлердің, сөз жүйесін қиыннан қиыстырған ақын-дүлдүлдердің, табиғат тылсымының үніне құлақ түрген небір күйшілердің, зергерлік дүниелерімен талайды тамсандырған қолөнер шеберлерінің ізі қалғаны тарихтан белгілі. Солардың қатарында Ойшы бай Майасарұлының есімі бар екендігін кәзіргі ұрпақ өрендері мақтанышпен айта алады.

Мың ғасырлық тарихы бар қазақ халқының күні кешеге дейінгі елдігін, экономикалық негізін сақтап қалған қазақ байлары екендігін әрдайым ұмытпауымыз керек. Еш байлық еңбексіз келмейтіні-ақиқат. Ал өткен ғасырдың жиырмасыншы жылыдарының соңында «койдай айдап» итжеккенге айдалған «бай-шонжар» дегендеріміз-нағыз еңбек адамдары немесе сол еңбек етушілерді ұйымдастыра білгендер. Бүгінгі нарық тілімен айтқанда фермерлер еді. Олар бекерден-бекер малды талан-таражыға ұшыратпаған, қалай болса солай төгіп-шашпаған болатын-ды.

Нарық талаптарына сай бейімделе отырып, қазақ байлары ірі жәрмеңкелер арқылы орыс өнеркәсібіне шикізат дайындаушыларға

Бәрінің де жоғары білім алуларына ықпал етті. Үлкен екі ұлы жеке кәсіппен айналысса, қызы мен үйдің кенжесі ұл, мемлекеттік қызметкерлер. Балаларынан 12 немере, 6 шөбересі бар бақытты әже.

Иә, әлеуметтік сала қызметкері айтуға ғана оңай. Бұл салада жұмыс маманы болу үшін бірқатар кәсіби және жеке қасиеттерді қажет ететін күрделі сала. Біріншіден, әлеуметтік қызметкерде адамға деген үлкен сүйіспеншілік пен құрмет болуы тиіс. Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкердің мықты психологиялық қасиеттері, оның ішінде төзімділік, сабырлылық, қайырымдылық сияқты қасиеттері өте маңызды. Әлеуметтік жұмыскер адамның ішкі дүниесін түсініп, оның мәселесін шешу үшін барлық күшін салады. Сондықтан да бұл саланың өзіне тән тиесілі ыстық -суығы бар, әрине. Әлеуметтік қызметкерлер-белгілі бір көмекке мұқтаж адамдарға демеу болатын адам ғана емес, сонымен қатар қоғамның әл-ауқатын жақсартуға өз үлесін қосатын жандар.

Үлкендердің жолын ұлылық деп ұғынатын ұрпақ алдыңғы буын өкілдерін әркез құрметтеп, төріне шығарады. Осындай ілтипаттың бір парасы өткен сенбiде осы кісімен кезiнде бiрге қызмет атқарған шәкірттерi «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» демекшi, бүгiнгi еңбек ардагерiнiң үйiне бас сұғып, төккен терi мен еткен еңбегiнiң арқасында абырой биiгiне көтерiлген Махинур Джалилованы сексеннiң сеңгiрiне шыққан сәтiмен




құттықтады. Дастарқан басында өмірі өнегемен өрілген ананың еңбек жолы айтылып, салиқалы әңгіме мен сындарлы ой қозғалды.

«Сексен – сөйлі құратын жас емес, бірақ көштен қалатын да емес». Осы сөзді бүгін сексеннің сеңгіріне шыққан Махинур әдәмізге қаратып айтса жарасады. Өйткені, ол өмірлік те, қоғамдық та белсенділіктен қалған емес. Керек жерде бой көрсетіп, өмір ағымына үн қосып жүрген абзал жан. Қазір ол кісіден тәлім алған шәкірттері еліміздің әр жерінде абыройлы қызмет атқарып жүргендігі жасырын емес.

Бір сөзбен түйіндесек, біздің Махинур әдә-осындай сегіз қырлы, бір сырлы, азаматша. Нағыз еңбектің қараторысы болып, әдемі қартаюда. Сеңгірлі сексеніңізбен, әдә! Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ, отбасы-әулетіңіз аман болып, шаңырағыңызда шаттық орнап, ортамызда есен-сау, сол баяғы қалпыңызда жүре беруіңізге тілектеспін.

Жұман МАТАЙ.

Абайдың қара сөздері



кынсылаған дауысын естіп, кәдімгідей елегзиді.

Балалы үйдің ұрлығы жатқан ба, жалаң бұт, жалаң аяқ жүгіріп жүрген қара сирақ немерелері әкелерінің жолбарыстың күшігін жасырын асырап жатқандығын айтады. Аналары болса, бұны ең жақын абысынының біріне жеткізеді, ол «мен айтты деме» деп үшіншісінің құлағына сыбырлайды, ақыры жолбарыстың әңгімесі Ойшы байдың құлағына тиеді. Бұл кезде ол Қапалдағы ояздың қайтсем көңілін табамын деп жүрген кезі екен.

Жағымды хабар құлағына жетісімен Ойшы бай атқа қонып, әлгі ауылға өзі арнайы іздеп барып, ағайынды жігіттермен сөйлеседі. Жолбарыс күшігінің орнына төрт түліктің әрқайсынан тоғыз байлатқан мал беретіндігі жайлы уәделі сөзін бергенен кейін жолбарыстың күшігі Ойшының қолына өтеді. Ағайынды жігіттердің содан бастап тұрмыстары оңалып, кәдімгідей ел қатарына қосылыпты деседі. Содан кейін жолбарыс күшігін ұстаған жігіт үй жону кәсібін мүлдем доғарып, бірыңғай аңшылықпен айналысып кетіпті. Ал Ойшы байдан сыйлыққа алған жолбарыстың күшігіне Қапалдың оязы әдемілеп темір тор жасатып, күшікті өз атынан генерал-губернаторға тарту етіпті. Сөйтіп, бай да, кедей де, ояз да диттеген мақсаттарына жетіп, олжаларына олжа қосыпты.

Міне, іргелі істердің, жүйелі жұмыстардың бағыт-бағдарын тереңнен ойлайтын Ойшы бабамыз жайлы аз-кем деректер жиынтығы осындай. Мен бүгін үлкендерден естіп-білген оқиғаларды қағаз бетіне кейінгі буын бір қажетіне жаратар деген максатта түсіріп отырмын. Кем-кетігі болса, еш сөге көрменіздер.

Тарихи тұлғаға айналған Ойшы бабамыздың есімі ғасырдан-ғасырға мәңгілік жалғасады деген сенімдемін. Токсан ауыз сөзімнің тобықтай түйіні де осы.

Аманжол ОМАРБАЕВ,

зейнеткер.

Ақдала ауылы.

Балқаш ауданы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Электромагниттік сәулеленудің адам ағзасына әсері

Электромагниттік өріс – электр және магнит өрістері бір-бірімен өзара байланысты және бірін-бірі тудыруы мүмкін, сондықтан олар бір электромагниттік өріс ретінде бірге айтылады. Электромагниттік сәулелену кез-келген электр тогының көздерінен (жоғары жиілікті өнеркәсіптік генераторлар, теледидар және радиолокациялық станциялардың генераторлары, рентген қондырғылары және басқа көздер) энергияның сәулеленуіне байланысты пайда болады.

Магнит өрістері электр тогы өтетін жерде пайда болады: ток неғұрлым күшті болса, магнит өрісі соғұрлым күшті болады. ЭМӨ, жиілік деңгейі мен диапазонына қарамастан, санитариялық-эпидемиологиялық нормалауға жатады.

Адам ЭМӨ-ді көрмейтіндіктен және сезінбейтіндіктен, ол әрқашан олардың қауіпті әсерінен сақтанбайды. Электромагниттік сәулелер адам ағзасына зиянды әсер етеді. Электромагниттік өрістерге әсер етудің өте ұзақ, тұрақты және жоғары



деңгейі мыналарға әкелуі мүмкін: шаршаудың жоғарылауы, ұйқының бұзылуы, бас ауруы, қан қысымының төмендеуі, жүрек соғу жиілігінің төмендеуі, орталық жүйке жүйесі ауруларының дамуы, аллергиялық реакциялар.

Өнеркәсіптік жиілік токтарының ЭМӨ әсерінен ұжымдық қорғаныс құралдарының негізгі түрлері – экрандау құрылғылар. Экрандау жалпы және жеке болуы мүмкін (бөлек).

Жалпы экрандау кезінде жоғары жиілікті қондырғы металл қаппакпен жабылады. Орату корпусының қабырғаларындағы терезелер арқылы басқарылады. Қауіпсіздік мақсатында қаппама қондырғының жерге тұйықталуымен жанасады. Жалпы экрандаудың тағы бір түрі — жоғары жиілікті қондырғыны қашықтан басқарылатын бөлек бөлмеге оқшаулау. Құрылымдық экрандау құрылғылар күнқағарлар, шатырлар немесе металл арқандардан, шыбықтардан, торлардан жасалған бөлімдер түрінде жасалуы мүмкін. Портативті экрандар алынбалы күнқағарлар, шатырлар, қалқандар және т. б. түрінде жасалуы мүмкін. Экрандар қалыңдығы кемінде 0,5 мм қаңылтыр металдан жасалған.

Жеке экрандау жиынтықтардың құрамына арнайы киім, арнайы аяқ киім, бас, қол және бетті қорғау құралдары кіреді.

Радиожилік диапазонындағы ЭМӨ көзімен жұмыс істеуге арналған өндірістік үй-жайларды жалпы үй-жайларда да, жеке үй-жайларда да орналастырылуы ҚР ДСМ 2022 жылғы 28 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығы «Радиотехникалық объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жүргізіледі..

Әсер ету жағдайларына, сәулелену көзінің сипаты мен орналасқан жеріне байланысты ЭМӨ-ден қорғаудың қосымша әдістері мен құралдары:

электромагниттік толқындардың энергия ағынының кернеуі мен тығыздығын төмендететін сәйкес жүктемелер мен қуат сіңіргіштерді пайдалану;

жұмыс бөлмесінде жабдықты ұтымды орналастыру; жабдықтың ұтымды жұмыс режимдерін және персоналдың еңбек режимін таңдау.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

В соответствии с пунктом 4 статьи 17 Водного кодекса Республики Казахстан в целях обеспечения охраны здоровья населения, до завершения ремонтно-восстановительных работ, осуществляемых на основании дефектного акта ГКП на ПХВ «Алматыоблводхоз», РГУ «Балхаш-Алакольской бассейновой инспекцией по регулированию, охране и использованию водных ресурсов Комитета по регулированию, охране и использованию водных ресурсов Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан» принято решение о временном ограничении права общего водопользования водохранилищем «Терең-Қара» (верхнее).

17 тамыз – спорт күні

ТУРНИР
ӨТТІ

«Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тамабек Мұхамет – Сұлтанның ұйымдастыруымен Ащыбұлақ ауылдық округінде спорт күніне орай волейболдан турнир өтті.



Турнирді округ әкімі Бақтияр Қасымбеков сөз сөйлеп ашты. Сөз кезегінде спорт ардагерлері Иманқожа Нұрқалиев, Ералы Оналбаев қатысушыларды спорт күнімен құттықтап, жүйелі түрде спортпен айналысуға шақырды.

Турнирге округ жастарынан жасакталған командалар қатысты. Жарыс айналымды жүйе бойынша өтті. Жартылай финалдық ойындарда өз қарсыластарына есе жіберген №37, №43 мектеп командалары жүлделі үшінші орын үшін таласты. Аса тартысты өткен ойында №43 мектеп командасы жеңіске жетіп, жүлделі үшінші орынды иеленді.

Ал, актық сынға шыққан «Алан-1» және «Алан-2» командалары бас жүлде үшін таласты.

Жақсы ойын өрнегін көрсете білген «Алан-1» командасы қарсыласынан басым түсіп, бас жүлдені жеңіп алса, «Алан-2» командасы екінші орынды місе тұтты.

Бұл қос команданы да ауданымызға белгілі волейбол бапкері Айбын Әубәкірұлы жаттықтырады.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаз және жүлдегер командалар округ әкімінің тағайындаған кубок және медальдарымен марапатталды.

Д.ЖАМАЛБЕКОВ,
жарыстың бас төрешісі.
Іле ауданы.



Спорт

Шахмат
тақтасындағы
шайқас

Қоғамдық өміріміздегі қарттарымыздың қарышты қадамы қызыға қарауға тұрарлық. Ойымыз негізсіз де емес. Пайғамбар жасынан асқандардың бәрі де айналасындағы, қоғамдық ортадағы тіршілік тынысына бей-жай қарай алмайды. Олардың спортта да жұдырықтай жұмылған ұйымшылдықтары қуантады.

Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша салауаттылық өмір салтына орай, таяуда аудандық кітапхана ғимаратының «Адалдық алаңы» атты айқара ашық жатқан үлкен бөлмесінде шахмат пен дойбыдан кең көлемді аудандық жарыс ұйымдастырылды. Бұған жиырмадан астам шахматшылар мен дойбышылар қатынасты. Осы қатынасшылар жай қатардағы ойыншылар емес. Олар-облыс көлемінде өткен небір сайыстарда өздерін жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар етіп көрсеткендер. Сондықтан да аталған жарысқа жанкүйер қауым да көп жиналды.

Сондай-ақ, шахмат тақтасындағы шайқасқа шахмат федерациясының аудандық филиалының төрешісі, әділдік тұрғысынан ұйғарым жасайтын Пак Геннадий



ақсақал мен облысқа танымал ұлттық төреші Амандолла Әбдімұратов төрелік етті. Ол екеуін шахматшылар мен жанкүйер қауым бір ауыздан қолдады.

Жарысқа қатынасшылар алдында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов сөз сөйлеп, шахматшыларды және дойбышыларды жарыс ережесімен таныстырып, өткелі отырған жарыс туралы егжей-тегжейлі түсініктеме беріп, қатынасшыларға жеңісті сәттілік тіледі.

Жарыс барысы ә дегеннен-ақ тартысты басталды. Әрқайсысының бұл жағынан тәжірибелері толысқан шахматшылар көпшілік алдында шынайы өнерлерін көрсетті. Аталған жарысқа Райымбек ауылдық округінен Құралай Әуелғазина, Өтіркүл Айманбетова сияқты ардагер әйелдердің де арнайы қатысқанын айта кеткен артық болмайды. Сонымен жарыс қорытындысында жеңімпаздардың есімдері белгілі болды. Бірінші орынды Қаскелең қалалық округінен Амандолла Әбдімұратов, екінші орынды Ұмтыл ауылдық округінен Темірхан Бөжімов, үшінші орынды Шамалған ауылдық округінен Жәмел Насановтар иеленді. Дойбыдан Райымбек ауылдық округінен Құралай Әуелғазина жеңіп алды. Бірінші орынды жеңіп алған Амандолла Әбдімұратов алдағы аптада облыс көлемінде өтетін шахматшылар жарысына жолдама алды.

Жеңімпаздарға аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов аудан әкімінің Алғыс хаттары мен ақшалай және заттай сыйлықтарын табыс етті. Сонымен қатар төраға жарысқа қатынасшылардың аудан орталығынан алдағы уақытта «Шахматшылар клубын» ашып беру жөніндегі ұсыныстарын, тілектерін, өтініштерін тиісті орындарға жеткізетініне сенім білдірді.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
ардагер-журналист.
Қарасай ауданы.